

## **"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 21 сәуір N 443. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.07.28. N 1074 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қаулы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.07.28.

N 1074 қаулысымен. P991074\_

Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, астықтың мемлекеттік резервін қалыптастыруға, сақтауға және пайдалануға қатысты мәселелерді ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті уәкілетті мемлекеттік органға "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін белгіленген тәртіппен берсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 қарашадағы N 1640 P971640 \_ қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 51, 468-құжат);

аталған қаулының 2-қосымшасында:

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық үлгідегі акционерлік қоғамы деген жол алынып тасталсын;

2) "Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 ақпандағы N 260

P970260\_

қаулысындағы 3-тармақ алынып тасталсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының

Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК